

"Диабет" мақсатты кешендік бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2000 жылғы 30 маусым N 978
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.14. N 159 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Диабет" мақсатты кешендік бағдарламасы бекітілсін.
2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар "Диабет" мақсатты кешендік бағдарламасын іске асыру жөнінде қажетті шараларды қолдансын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 30 маусымдағы
N 978 қаулысымен
бекітілген

"Диабет" мақсатты кешендік бағдарламасы

1. Кіріспе

Халық денсаулығының жалпы деңгейін едәуір төмендететін және кең таралуымен сипатталатын аурулардың бірі қант диабеті болып табылады. Мұның өзі, 1992 жылы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымына оны 20-ғасырдың жұқпалы емес эпидемиясы ретінде айқындауға мүмкіндік берді. Әрбір 10-15 жыл сайын әлемдегі науқастардың саны екі еселенуде. Көптеген елдерде диабет - қайтыс болу себепшісі ретінде, тек жүрек-қан тамыры және онкологиялық аурулар тобынан ғана кейін қалып, үшінші орынға шықты. Диабет-шығыны көп ауруларға жатады. Мысалы, АҚШ-та денсаулық сақтау жүйесінің диабетпен ауыратын науқастарға 1996 жылы жұмсаған шығыстары, осы елдің әскери бюджетінің үштен біріне тең келетін, 105 млрд. долларды құрады. 6,5 миллион халқы бар Швецияда диабет проблемаларын шешуге жұмсалған шығыстар 1978 жылдың өзінде 221 млн. АҚШ долларын құрады.

Диабет - жазылмайтын дерт, алайда әлемдік диабетология жетістіктерін қант диабетін емдеу практикасына белсенді түрде енгізудің арқасында, көптеген

елдерде, олардың еңбек ету қабілетінің жоғары деңгейі ондаған жылдар және одан да ұзақ жылдар бойы сақталған жағдайда неғұрлым қауіпті асқынулардың саны мен сырқаттанудың дәрежесін ондаған есе төмендетуге, науқастар өмірінің сапасын арттыруға қол жеткізілді.

Әлемдік практика науқастың өз сырқатын емдеуге тікелей қатысуы мен асқынулар дамуының алдын алу үшін емдеу және өзге де мекемелердің жанынан ұйымдастырылған диабетпен ауыратындарға арналған мектептерде науқастардың диабет туралы алған білімдерін пайдаланудың өте елеулі оң нәтижелері туралы айқын айғақтауда. Астана, Көкшетау, Петропавл, Жезқазған, Қарағанды, Алматы және Өскемендегі қант диабетімен ауыратындарға арналып құрылған оқыту мектептері негізінен денсаулық сақтау қызметкерлерінің ынта-ықыласы есебінен жұмыс істейді. Бағдарлама қант диабетімен ауырудың аймақтарда таралуына қарай тіркелген 1000 пациентке бір мектеп есебінен бүкіл республика бойынша диабеттің 109 мектебін ұйымдастыруды көздейді. Мектептер салалық бұйрықпен ұйымдастырылады және амбулаториялық-емханалық және стационарлық медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Мектептерді жабдықтармен және әдістемелік материалдармен жабдықтау үшін қоғамдық ұйымдарды, донор елдердің көмегін, халықаралық ұйымдарды белсенді түрде тарту жоспарлануда.

Бағдарлама барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында жақсы жабдықталған 16 диабетологиялық ақпараттық-талдау орталықтарын ұйымдастыруды көздейді. Жоғарыда аталған мектептер мен орталықтарды ұйымдастыру Қазақстандағы диабетологиялық қызметтің нақты іргетасын қалауға мүмкіндік береді.

Бағдарламада, сондай-ақ барлық науқастар мен республика тұрғындарының қажеттерін жабуға жеткілікті көлемде өндірілетін қантты алмастырғыштар өндірісін жолға қою көзделеді.

"Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасының "Дәрілік қамтамасыз ету, медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті дамыту" (Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығының 2.9-тармағын іске асыруға) 2.7-тармағына, "Денсаулық сақтаудың өмірлік маңызды медикаменттерге (қантты азайтқыш препараттарға) мұқтаждығын қамтамасыз ету" 3-тармақшасына сәйкес қант азайтқыш препараттардың ампулаларын жасау және блистирлеу жөніндегі технологиялық желілерді іске қосу жоспарлануда. Мұның өзі, осы препараттарды сатып алуға жыл сайынғы жұмсалатын валюталық шығындарды 35-40%-ға азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын құруды және отандық фармацевтік өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз етеді.

Бағдарлама қант диабетімен ауыратындарға медициналық көмекті

ұйымдастырудың экономикалық негізделген үлгісін жасауға, пациенттердің өмірлерінің сапасы мен ұзақтығын арттыруға, емдеу сапасын жақсартуға, диабетпен ауыратындарға арналған оқыту орталықтарының желісін кеңейтуге және науқастардың мүгедектігі мен қайтыс болуын азайту мақсатында қан тамырлары ауруларының асқынуларының алдын алу және емдеу жөніндегі орталықтарды ұйымдастыруға бағытталған.

Диабет проблемаларын тиімді шешу науқастардың еңбек қабілетін сақтай отырып, өмірлерінің сапасы мен ұзақтығын едәуір арттырумен қатар, сонымен бірге бюджет қаражатын едәуір үнемдеуге көмектесер еді.

Осы "Диабет" кешендік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 2014 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысын орындау үшін үш жылға арналып әзірленді.

2. Қант диабеті проблемасының қазіргі уақыттағы жағдайы

Қазақстан Республикасы халқының денсаулық жағдайы оның жалпы нашарлауымен сипатталады. Жалпы ауру-сырқаулық, жалпы және балалардың қайтыс болуы жоғары деңгейде болып отыр, өмір сүрудің орташа ұзақтығы қысқаруда.

Қазақстанда диабетпен ауыратындар санының үздіксіз өсуі байқалуда. Мүгедектікке әкеліп соғатын неғұрлым ауыр асқынулар санының едәуір өсуі байқалады. 2000 жылдың 1 қаңтарына республикада 105 мыңнан астам науқас тіркелді және олардың мыңнан астамын балалар мен жасөспірімдер құрайды. Медициналық статистиканың деректері бойынша республикада қант диабетімен сырқаттанудың 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші (өмірінде бірінші рет тіркелген науқастардың саны): 1995 жылы - 35,2; 1996 жылы - 41,4; 1997 жылы - 47,9; 1998 жылы - 65,6; 1999 жылы - 70,1-ді құрады. Осы жылдары, сырқаттанудың жыл сайынғы өсу қарқыны орташа есеппен 15,4% құрады. Қант диабетімен сырқаттанудың балалар арасындағы өсуі байқалады. 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіште (өмірінде бірінші рет тіркелген науқастардың саны): балалардың қант диабетімен науқастануы: 1995 жылы - 3,0; 1996 жылы - 4,4; 1997 жылы - 4,7; 1998 жылы - 6,2; 1999 жылы - 6,7-ні құрады. Осы жылдарда, балалар арасындағы сырқаттанудың жыл сайынғы өсу қарқыны орташа есеппен 17,4% - ды құрады.

Бірінші үлгідегі диабетпен ауыратын науқас балалар мен жасөспірімдер, ересектер, - инсулинсіз сөзсіз қайтыс болатын, екінші үлгідегі диабетпен ауыратын науқастардың төрттен бір бөлігі айрықша назар аударуға лайық. Медициналық статистиканың деректері бойынша 2000 жылдың 1 қаңтарына 37 350 диабетпен ауыратын ересектер (бірінші үлгідегі 15 954 науқас және екінші үлгідегі 21 396 науқас) және бірінші үлгідегі диабетпен ауыратын 1568 бала т і р к е л д і .

Диабетпен ауыратындардың арасында жүрек-қан тамыры асқынуларынан қайтыс болатындардың саны жалпы науқастардан 4-5 есе жоғары, зағиптік жиілігі - 10 есе, гангрена мен аяқты кесу - 50 есе жиі, созылмалы бүйректік жетіспеушілік жағдайы 5-6 есе көп. Қазақстанда қант диабетінің асқынуларынан жыл сайын 5 мыңға дейін адам қайтыс болады. Қант диабетімен ауыратын науқастардың арасында 1999 жылғы мүгедектігі бойынша есепке бірінші рет қойылған пациенттер 1191, қайталап 3211 адам және қант диабеті бойынша мүгедектердің жалпы санының 30%-ға жуығы шектеусіз мерзімге қойылғандар б о л д ы .

Аурудың ерекшеліктеріне қарай диабетпен ауыратындар қантты азайтқыш дәрілерді өмір бойы күнделікті қабылдауды, алғашқы және мамандандырылған стационарлық көмектің жоғары деңгейіне мұқтаж. Бұл жағдайда диабетпен ауыратындарды стационар жағдайында емдеу ауруханада жатудың ұзақтығымен және амбулаторлық жағдайдағыдан гөрі емдеуге жұмсалатын шығындардың көптігімен с и п а т т а л а д ы .

2000 жылы республикалық бюджет қаражатынан тек инсулин препаратына және таблеткіленген қантты азайтқыш заттарға деген мұқтаждардың 20%-ын ғана жапқан диабетке қарсы препараттарды жеткізу мен бақылау құралдарын орталықтандырылған сатып алуға 350 млн. теңге (2,5 млн. доллар) бөлінді.

Қазақстанда науқастарды тексеру мен емдеу емханалардың эндокринологиялық кабинеттерінде, облыстық (сирегірек қалалық) ауруханалардың бөлімшелерінде, сондай-ақ стационарлардың терапевтік бөлімшелерінде жүргізіледі. Қант диабетінің кеш асқынуларын емдеу жөніндегі мамандандырылған кабинеттер (бөлімшелер) жоқ. Дайын эндокринологтардың жеткілікті саны жағдайында штаттардың жаппай қысқартылуына байланысты республика кадр тапшылығын бастан өткізіп отыр.

Соңғы жылдары емдеу-алдын алу мекемелерінің реактивтермен және диагностиканың өзге де құралдарымен қамтамасыз етілуінің күрт қысқартылуына байланысты қант диабетін ерте анықтау жағдайлары едәуір нашарлады. Глюкометрлер мен тест-сызықтарының тапшылығынан қан тамырлық және басқа асқынулардың тез өршуіне алып келетін қандағы глюкоза деңгейіне тиісті бақылау жүргізілмейді.

Сөйтіп, қант диабеті шұғыл шешуді талап ететін аса маңызды медициналық және әлеуметтік проблема болып табылады.

3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Осы бағдарламаның басты мақсаты республика диабетологиялық қызметінің экономикалық жағынан негізделген үлгісін жасау жолымен қант диабетімен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету болып табылады.

Бағдарламаның басты мақсатын жүзеге асырудың басымдықтары:

1. Қант диабетімен ауыратын науқастарды ерте анықтау және науқастар арасында, сондай-ақ халықтың дені сау бөлігінің арасында алдын алу жұмысының сапасын жақсарту мақсатымен халықты тұрақты түрде белсенді тексеруді жүзеге асыру.

2. Диабетпен күресте пациенттерді өзіне өзі көмек көрсету әдісіне оқытуға арналған мектептер жүйесін ұйымдастыру және кеңейту.

3. Диабетологиялық ақпараттық-талдау орталықтарын ұйымдастыру.

4. Қант диабетінің ұлттық тіркелімін жасау.

5. Дәрігерлер мен орта медициналық құрамның біліктілігін көтеру.

6. Диабетпен ауыратын науқастарды емдеуді жетілдіру.

7. Қант диабетімен ауыратын науқастардың өмірлік маңызды медикаменттерге (қантты азайтқыштарға), инсулинді жеткізу құралдарына, сондай-ақ глюкоза деңгейін диагностикалау мен бақылау құралдарына деген қажеттерін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Негізгі басымдықты мақсаттар және Бағдарламаны іске асырудың тетігі.

4.1. Қысқа мерзімді мақсаттар (2000-2001 жылдар)

1-мақсат. Қант диабетімен ауыратын науқастарды ерте анықтау және пациенттердің арасында, сондай-ақ халықтың дені сау бөлігінің арасында алдын алу жұмыстарының сапасын жақсарту мақсатымен халықты тұрақты түрде белсенді тексеруді жүзеге асыру (балалармен қоса жаппай тексеру).

Қазақстан Республикасындағы науқастар санының 1993 жылға дейінгі жыл сайынғы өсуі 8-12%-ды құрады, бірақ соңғы жылдары тіркелген науқастардың абсолюттік саны қысқарды, бұл ең алдымен, көші-қон процестерімен және қаржылық қаражаттың тапшылығымен түсіндірілетін белсенді тексерудің тоқтауымен байланысты. 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіштерде 1995-тен 1999 жылға дейін қант диабетімен сырқаттанудың жыл сайынғы өсу қарқыны орта есеппен 16%-ды құрады.

Іс-қимыл жоспары:

1. Халықты көміртегілерге толеранттылық тестісінің бұзылуына тұрақты түрде белсенді тексеруді реттейтін директивалық құжаттарды дайындау және қант диабетімен ауруларды анықтау.

2. Тұратын жерлері бойынша емханаларда глюкозаға толеранттілігі бұзылған адамдардың арасында қауіп топтарын кұру.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты қант диабеті ауруының алдын алу мәселелеріне оқытуды ұйымдастыру.

4. Нефропатияның алдын алу. Биохимиялық диагностиканың жоғары сапалы әдістерін пайдалану есебінен нефропатияны ерте анықтау мәнінде тексерілетін науқастардың санын жыл сайын арттыру.

5. Қан тамырлары асқынулары дамуының алдын алу.

1) Мамандандырылған бөлімшелердің жанынан (хирургиялық, кардиологиялық, көз, қан тамырлары) қан тамырларының асқынуларын анықтауға арналған:

Аяқ қан тамырларының жай-күйі, оларды күтудің әдістеріне үйрету, аяқ киімді дұрыс таңдау және қан тамырлары асқынуларының алдын алу жөніндегі;

барлық науқастардың көз түбінің жай-күйін жылына кемінде 1 рет тексеру жолымен ерте кезеңдердегі ретинопатияны белсенді анықтау жөніндегі кабинеттерді ұйымдастыру.

6. Қант диабетімен ауыратын барлық балалар мен жасөспірімдерді жануарлардан алынған инсулинмен емдеуден адам инсулині препараттарымен емдеуге көшіру. Инсулин препараттарын жеткізу үшін шприц-инъекторларды пайдалану.

Даму үрдісіндегі мониторинг:

1. Жаңа анықталған глюкозаға толеранттілігі бұзылған адамдардың, сондай-ақ нефропатиялары, ретинопатиялары және аяқ жақтағы қан тамырлары асқынулары анықталған науқастардың саны туралы мәліметтерді диабеттің ұлттық тіркеліміне бір мезгілде бере отырып, денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының компьютерлік деректер базасына ай сайын енгізу.

2. Жаңа анықталған глюкозаға толеранттілігі бұзылған науқастарға, және нефропатиялары, ретинопатиялары және аяқ жақтағы қан тамырлары асқынулары анықталған пациенттерге байланысты шаралар туралы мәліметтерді диабеттің ұлттық тіркеліміне бере отырып, денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының компьютерлік дерекқорына 2 айда 1 рет енгізу.

2-мақсат. Пациенттерді диабетпен күресте өзіне өзі көмек көрсету әдісіне оқып-үйретуге арналған мектептер жүйесін ұйымдастыру және кеңейту және оларды жоғары сапалы әдістемелік материалдармен жабдықтау.

Қант диабетін емдеудің тиімділігі, көбінесе, пациенттердің өздері мен науқастың жақындарының диабетпен күреске арналған мектепте алған білімдерін қолдануға қатысуына байланысты.

Іс-қимыл жоспары:

1. Амбулаториялық-емханалық ұйымдарда қант диабетімен ауыратын тіркелген науқастардың санына қарай мектептер ұйымдастыру.

2. Құрамында эндокринологиялық орындар бар стационарлардың жанынан мектептер ашу.

Даму үрдісіндегі мониторинг:

1. Денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының ұйымдастырылған мектептер туралы және есепті кезеңде оқытудан өткен науқастардың саны туралы денсаулық сақтаудың орталық атқарушы органына тоқсан сайынғы мәліметтерді ұсынуы.

2. Диабетологиялық ақпараттық-талдау орталығында жаңа мектептердің ашылу үрдісін және оқытудан өткен науқастардың санын тұрақты бақылай отырып, мектептердің жұмысы туралы ақпараттардың жеке блогын құру.

3-мақсат. Диабетологиялық ақпараттық-талдау орталықтарын (бұдан әрі - Орталықтар) ұйымдастыру.

Орталықтар денсаулық сақтаудың аумақтық органдардың жанынан немесе көп бейінді ірі ауруханалардың жанынан мынадай міндеттерді шешу үшін:

1. Аймақтағы диабет мектептерінің қызметіне басшылық және бақылау жасау.

2. Облыстың диабет мектептерін жаңа әдістемелік материалдармен, нормативтік құжаттармен қамтамасыз ету, сондай-ақ семинарларды және облыс мектептерінің дәрігерлері мен медбикелерін қайта даярлауды ұйымдастыру.

3. Облыстың диабет тіркелімінің ұйымдастырылуы және жұмыс істеуі.

4. Облыстардың диабет проблемаларына қатысы бар ақпаратын Орталықтың компьютерлік деректер базасында жинау үшін ұйымдастырылады.

Іс-қимыл жоспары:

1. Нормативтік құжаттарды әзірлеу.

2. Орталықтарды ұйымдастыру, оларды қажетті құралдармен жабдықтау.

Даму үрдісіндегі мониторинг:

1. Аймақтық бағдарламаға орталықтандырылған әдістемелік басшылық жасай отырып, науқастарды мектептерде оқыту сапасын едәуір жақсарту.

2. Облыс тіркелімі проблемаларын түбегейлі шешу.

3. Облыс науқастарын қантты азайтқыш препараттармен, өзін өзі бақылау және инсулинді жеткізу құралдарымен қамтамасыз етуді және олардың шығыстарын бақылау.

4-мақсат. Қант диабетінің ұлттық тіркелімін құру.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы денсаулық сақтауының мемлекеттік жүйесінде қант диабетіне қатысты бірқатар статистикалық көрсеткіштер бойынша ақпараттар тіркеу жүзеге асырылады. Алайда, бұл мәліметтер диабетологиялық қызметтің жағдайын бағалау, дәрі-дәрмектерге қажеттілікті,

даму перспективасын анықтау үшін жеткіліксіз. Бұл көрсеткіштердің бәрі көптеген елдерде қолданылатын диабеттің ұлттық тіркелімдерінде көрсетілген.

Республикада диабеттің ұлттық тіркелімін құру қант диабетімен ауыратындардың науқасы, мүгедектігі, қайтыс болуы туралы, оның себептері, кеш асқынулар, емдеу-алдын алу шараларының тиімділігі туралы жүйелі, сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл науқастарға көрсетілетін көмектің жай-күйін , инсулинмен және таблетка түріндегі қантты азайтқыш препараттармен, бақылау құралдарымен қамтамасыз ету деңгейін бақылауға мүмкіндік берген болар еді. Тіркелімді құру, сондай-ақ диабеттің ұлттық тіркеліміндегі деректердің жалпы банкісіне жүйелі ақпарат беру арқылы анықталған әрбір науқасқа арнаулы карта толтыруды көздейді.

Іс-қимыл жоспары:

1. Ұлттық тіркелімді ұйымдастырудың әдістемесін дайындау.
2. Диабетологиялық ақпараттық-талдау орталықтарының жанынан диабетпен ауыратындардың саны және асқыну түрлері, қантты азайтқыш препараттармен қамтамасыз етілуі туралы компьютерлік дерекқор құру.
3. Республиканың ұлттық диабет тіркелімін құру.
4. Диабетологиялық орталық бойынша деректерді 6 айда 1 рет, оларды диабеттің ұлттық орталығына беру арқылы түзету мен толықтыру.
5. Әрбір науқасқа дербес карталарды енгізу.

4.2 Орта мерзімді мақсаттар (2002-2003 жылдар)

- 1-мақсат. Дәрігерлердің және орта медициналық құрамның біліктілігін көтеру.

Іс-қимыл жоспары:

1. Медициналық жоғары оқу орындарының біліктілікті көтеру факультеттерінде 3 жылда кемінде бір рет эндокринолог дәрігерлердің біліктілігін жүйелі түрде көтеру, медициналық колледждерде және эндокринологиялық бөлімшелердің базасында медбикелердің біліктілігін көтеру.

2. Біліктілікті көтеру факультеттерінде оқытудың бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

3. Жыл сайын денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының компьютерлік деректер базасына біліктілікті көтеру курсынан өткен эндокринолог дәрігерлер мен медбикелердің саны туралы мәліметтерді республикадағы диабеттің ұлттық тіркеліміне беру арқылы енгізу.

4. Ғылыми конференциялар мен семинарлар жұмысына қатыстыру жолымен дәрігерлердің біліктілігін біржолғы көтеру.

- 2-мақсат. Диабетпен ауыратын науқастарды емдеуді жетілдіру.

Іс-қимыл жоспары:

1. Инсулинге тәуелді диабетпен ауыратындарды негізінен интенсификацияланған сызба бойынша емдейтін терапияға көшіру.

2. Алғаш пайда болған инсулинге тәуелді диабет кезінде мүмкіндігінше 1-3 ай ішінде қантты азайтқыш препараттарды қолданбай, диета мен дене шынықтыруды пайдалану.

3. Екінші үлгідегі диабетпен ауыратын науқастарды емдеудің сызбасында үйлескен қан тамыры әсері арқылы организм үшін мейлінше уыты аз препараттарды біртіндеп ұлғайту.

Даму үрдісіндегі мониторинг:

1. Диабетпен ауыратын науқастарды емдеудің әдістерін жетілдіру және жаңа қантты азайтқыш препараттар туралы ғылыми ақпараттарды талдау.

2. Аумақтық денсаулық сақтау органдарының компьютерлік деректер базасына жаңа анықталған диабетпен ауыратын науқастар туралы және алғашқы кезеңінде диета мен дене шынықтыруды пайдалану арқылы емдеудің нәтижелері туралы ақпараттарды, оларды республикадағы диабеттің ұлттық тіркеліміне бере отырып енгізу.

3-мақсат. Қант диабетімен ауыратын науқастарды өмірлік маңызды медикаменттермен (қантты азайтқыштармен), инсулинді жеткізу, сондай-ақ глюкоза деңгейін айқындау және бақылау құралдарымен қамтамасыз ету.

3.1. Бағдарламаны іске асыруды медикаментоздық және диагностикалық қамтамасыз ету.

Іс-қимыл жоспары:

1. Қант диабетімен ауыратын науқастардың саны туралы ақпараттарды талдау.

2. Өмірлік маңызды медикаменттермен (қантты азайтқыштармен), инсулинді жеткізу құралдарымен, қант диабетімен ауыратын науқастардың глюкоза деңгейін айқындау және бақылау үшін реактивтермен қамтамасыз етілуін талдау.

3. Қантты азайтқыш препараттарды, өзін өзі бақылау және инсулинді жеткізу құралдарын сатып алу жөніндегі тендерлерді ұйымдастыру және өткізу.

Іске асырудың әдістері:

1. Қантты азайтқыш препараттарды, өзін өзі бақылау және инсулинді жеткізу құралдарын сатып алу жөніндегі конкурсты өткізуге арналған іс-шаралар мен құжаттарды дайындау.

2. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен инсулиндік терапия үшін адамның және шошқаның монокомпоненттік инсулиндерін, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған пенфиллалардағы инсулиндерді, сондай-ақ жеткізу құралдарын (шприцтерді) сатып алу.

3. Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен таблеткіленген қантты азайтқыш

препараттарды, қант диабетімен ауыратын науқастар үшін глюкоза деңгейін диагностикалау мен бақылауға арналған құралдарды сатып алу.

Даму үрдісіндегі мониторинг:

1. Өмірлік маңызды медикаменттерді (қантты азайтқыштарды), инсулинді жеткізу, қант диабетімен ауыратын науқастардың глюкоза деңгейін диагностикалау мен бақылауға арналған құралдарды атаулы жеткізуге арналған ұлттық тіркелімнің деректерін статистикалық өңдеу.

3.2. Қазақстанда қантты азайтқыш препараттар өндірісін ұйымдастыру.

Міндет - жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретін инсулин препараттарын және таблеткадағы қантты азайтқыш препараттарды отандық фармацевтік кәсіпорындарда ампула жасау, блистирлеу жөніндегі технологиялық желілерді жолға қоюды ұйымдастыру болып табылады. Бұл өндіріс осы препараттарды сатып алуға жұмсалатын валюталық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Өндіруші фирмалармен талқылау басталғанға дейін оларды Қазақстанда қолдануға сенімді беделі мен ұзақ мерзімді перспективасы бар препараттар іріктеліп алынуы тиіс.

Іс-қимыл жоспары:

1. Қантты азайтқыш препараттарды өндіруші импорттаушылармен бірлескен кәсіпорындар ұйымдастыру.

2. Технологиялық желілерге фармацевтік фабрикаларда одан әрі ампула жасау және блистирлеу арқылы шет елден "ин балк" және "ангро" дәрілік препараттарын жеткізу.

3.3. Қазақстанда қантты алмастырушылар өндірісін ұйымдастыру. Түпкі мақсат республиканың барлық науқастары мен халқын отандық қантты алмастырушылармен қамтамасыз ету болып табылады.

Іс-қимыл жоспары:

1. Проблемаларды талдау, өндірістің экономикалық және өзге де аспектілерін пысықтау.

2. Өндіріс проблемаларының бүкіл кешенін ұйымдармен, ықтимал өндірушілермен талқылау.

3. Қантты алмастырушылар өндірісін ұйымдастыру.

Даму үрдісіндегі мониторинг:

1. Қантты алмастырушылар өндірісін ұйымдастыру және науқастарды олармен қамтамасыз ету емдеу нәтижелерін жақсартуға, өмір сапасын арттыруға, зат алмасудың бұзылуларын түзетуді жақсартуға, оларды шет елден сатып алудың мүмкін шығыстарын азайтуға, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін болады.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі қағидаттары:

1. Бағдарламаның негізгі мақсаттарын шешудің салалық тәсілі және шешімнің қажеттілік туған жердегі келісілген салааралық жолы.

2. Қойылған мақсаттарға жету үшін әлемдік диабетологияның озық нәтижелерін пайдалану мақсатында халықаралық диабетологиялық ұйымдармен өз ара і с - қ и м ы л ж а с а у .

3. Осы бағдарламаға сәйкес аймақтық бағдарламаларды әзірлеу.

4. Осы бағдарламаны іске асырудағы нақты міндеттерді шешу үшін жергілікті атқарушы өкімет органдарымен, мемлекеттік ұйымдармен, әкімшіліктік органдармен өзара іс-қимыл жасау.

5. Диабет туралы білімді насихаттау үшін халықтың қалың жіктерін, қоғамдық ұйымдарды тарту.

5. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландырудың көздері

2001-2003 жылдарда бағдарламаны іске асыру:

- республикалық бюджетте диабетке қарсы препараттарды орталықтандырылған жолмен сатып алуға көзделген қаражат шегінде;
- жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен;
- гранттардың және инвестициялардың есебінен жүзеге асырылады.

Инсулиндік қатардың диабетке қарсы емдеу препараттары мен жеткізу құралдарын орталықтандырылған сатып алу республикалық бюджеттің қаражатынан 39 бағдарлама бойынша жүзеге асырылатын болады.

Диабетке қарсы таблеткаланған емдеу препараттары мен бақылау және диагностикалау құралдарын сатып алу жергілікті бюджеттің қаражатынан жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Диабет мектептерін ұйымдастыру, ұлттық тіркелімді құру, қантты алмастырғыштарды өндіру мен дәрі-дәрмектердің ампуласын жасау, блистирлеу жөніндегі технологиялық желілерді жолға қою үшін халықаралық гранттар мен инвестицияларды тарту жоспарлануда.

6. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

1. Науқастарды емдеу сапасын жақсарту.

2. Науқастарды қантты азайтқыш препараттармен, өзін-өзі бақылау және инсулин жеткізу құралдарымен қамтамасыз етуді жақсарту.

3. Кант диабетінің ұлттық тіркелімін жасау қант диабетімен ауыратын науқастардың саны туралы сенімді деректерді алуға мүмкіндік береді, мұның өзі, өз кезегінде науқастарға тиімді көмек көрсету үшін алғышарттар жасайды.

4. Жоғарыда аталған іс-шаралардың есебінен науқастардың мүгедек болуы мен қайтыс болуын азайту үшін жағдайлар жасау.

5. Емдеуді ерте бастау мақсатында диабетпен ауыратындарды белсенді түрде а н ы қ т а у .

6. Осы бағдарламаны іске асырудың нәтижесі ретінде экономикалық ауыртпалықты жеңілдету.

7. 2000-2003 жылдарға арналған "Диабет" мақсатты кешендік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

N!	Іс-шара	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны
1!	2	3	4	5

- Қант диабетімен ауыра. Азаматтардың Тұрақты ДСА-ның бұйрығы, тын науқастарды ерте денсаулығын Әкімдердің ше. анықтау және пациенттер. сақтау саласын. шімдері, Қазақ. дің арасында, сондай-ақ да басшылықты стан Республика. халықтың дені сау бөлі. жүзеге асыратын сының Үкіметіне гінің арасында алдын алу орталық атқарушы есеп беру жұмыстарының сапасын орган (бұдан әрі жақсарту мақсатымен ха. -ДСА), облыстар. лықты тұрақты түрде бел. дың, Астана және сенді тексеруді жүзеге Алматы қалалары. асыру ның әкімдері
- Құрамында эндокриноло. ДСА, Қазақстан 2000 жыл ДСА-ның бұйрығы, гиялық орындары бар Республикасының IV тоқсан Қазақстан Респу. медициналық ұйымдардың Диабеттік қауым. бликасының Үкі. стационарларында аймақ. дастығының (бұ. метіне есеп беру тар бойынша науқастардың дан әрі ҚРДҚ) санына қарай штатында көмегімен облыс. эндокринолог дәрігері тардың, Астана бар амбулаториялық-емха. және Алматы қала. налық ұйымдардың жанынан ларының әкімдері құрылымдық бөлімшелер ретіндегі Диабет мектеп. терін ұйымдастыру
1. Облыстардағы, ірі ДСА, облыстардың, 2001 жыл ДСА-ның бұйрығы, қалалардағы озық диабет Астана және Ал. I тоқсан Әкімдердің ше. мектептерінің базасында маты қалаларының шімдері, Қазақ. аумақтық денсаулық сақ. әкімдері стан Республика. тау органдарының құрылым. сының Үкіметіне дық бөлімшелері ретінде есеп беру диabetологиялық ақпарат.

тық - талдау орталықтарын ұйымдастыру.

2. Диабет мектептерінде жұмыс істейтін нұсқау.

шылар даярлау

- 4 1. Сырқаттану туралы ДСА, облыстардың 2001 жыл ДСА-ның бұйрығы, сенімді ақпарат алу үшін Астана және Ал. IV тоқсан Әкімдердің ше. республика қант диабе. маты қалаларының шімдері, Қазақ. тінің ұлттық регистрін әкімдері стан Республика. жасау, көрсетілетін кө. сының Үкіметіне мектің мониторингін жүр. есеп беругізу.
- 5 1. Диабет саласындағы ДСА 2000-2003 ДСА-ның бұйрығы дәрігерлер мен орта ж.ж. медициналық құрамның біліктілігін көтеру
- 6 Қант диабетімен ауыратын ДСА, облыстардың, 2001-2003 Қазақстан науқастарды қантты азайт. Астана және Ал. ж.ж. Республикасының қыш препараттармен, ин. маты қалаларының Үкіметіне сулинді жеткізу құралда. әкімдері, ҚР ақпарат беру рымен қамтамасыз ету Қаржы министрлігі
- 7 Қант диабетімен ауыратын ДСА 2002-2003 Емдеудің науқастарды емдеудің ж.ж. стандарттары, жаңа әдістерін енгізу Әдістемелік ұсыныстар
- 8 Диабетология саласында ДСА 2001-2003 Ғылыми мақала. ғылыми зерттеулерді ж.ж. лар, ғылыми- жүргізу, перспективалық практикалық бағыттарды айқындау конференциялар
- 9 Қантты алмастырушылар ДСА, фармацевтік 2002 жыл Қазақстан өндірісін ұйымдастыру фабрикалар, ҚР I-II Республикасының Инвестициялар тоқсан Үкіметіне жөніндегі ақпарат беру агенттігі, ҚР Экономика министрлігі
- 10 Инсулин ерітінділеріне ДСА, ҚР Инвести. 2002-2003 Қазақстан ампула жасау және таб. циялар жөніндегі ж.ж. Республикасының леткадағы қантты азайт. агенттігі, ҚР Үкіметіне қыш препараттарды блис. Экономика министр. ақпарат беру

тирлеу жөніндегі техно. лігі, ҚР Энерге.
логиялық желілерді жөн. тика, индустрия
деу жөніндегі БК ұйым. және сауда мини.
дастыру, инсулиндік стрлігі
шприц тұтқаларды, бақы.
лау құралдарын дайындау

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

Күтілетін
нәтижелер

!
!

Қаржыландыру
көздері

6

!

7

Қант диабетінің таралуы туралы сенімді деректер алу жүзеге асырылады

Жергілікті бюджеттің қаражаты шегінде

Оқытылған науқастардың қант диабетін емдеуге тікелей қатысуы және оның нәтижесінде асқынулар мен мүгедек. тіктің азаюы

Қоғамдық ұйымдардың және халықаралық ұйымдардың, қорлардың гранттарының және жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге

асырылады

Диабетологиялық қызмет. тің құрылымын жасау, көрсетілетін мамандан. дырылған медициналық көмектің үйлесімділігі

Қоғамдық ұйымдардың және халықаралық ұйымдардың, қорлардың гранттарының есебінен жүзеге

асырылады

Сырқаттану бойынша дерекқор жасау, дәрі-дәрмектерге, жеткізу және бақылау құралдарына қажеттілік туралы сенімді ақпараттың болуы асырылады

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен денсаулық сақтауға бөлінетін қаражат шегінде жүзеге

Қант диабетімен ауыратын науқастарға көрсетілетін мамандандырылған

Кадрларды республикалық және жергілікті деңгейде қайта даярлаудың 10 және

медициналық көмектің сапасын арттыру

11 бағдарламаларын қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады

Пациенттердің дәрілік препараттармен қамтама. сыз етілуі, өмір сүрудің сапасын көтеру.

Диабетпен ауыратын науқастардың мүгедектігі мен қайтыс болуын азайту сатып алу

Мүгедектік пен қайтыс болуды азайту қажет етпейді

Диабетпен ауыратын науқастарды диагностика.

лаудың және емдеудің әдістерін жетілдіру

Қантты алмастырушылармен қамтамасыз ету, халықтың дені сау бөлігінің

көміртегілерді нұын қысқарту, нудың өсуінің алдын алу

Импорттық өндірістің дәрілерін сатып алу

шығыстарын қысқарту, дәрілерді республикада өндіру, отандық фарм.

өнеркәсібінің қалыптасуы

Республикалық бюджеттің қаражаты шегінде инсулиндер сатып алу.

Жергілікті бюджеттің қаражаты шегінде таблет. каланған препараттар

Қаржылық шығындарды

Гранттардың және инвестициялардың есебінен

Гранттардың және инвестициялардың есебінен

пайдала. сырқатта.

Инвесторлардың қаражаты есебінен

қысқарту, республикада фарм.

қалыптасуы

Қорытынды

Бағдарламаны орындау диабетпен ауыратындардың денсаулық жағдайының теріс тенденцияларын кідіртуге, аурудың ерте және сонымен бір мезгілде, жасырын түрлерінің анықталуын жақсартуға және түпкі нәтижесінде мемлекет үшін экономикалық ауыртпалық болып тұрған қант диабеті проблемасының жүгін азайту жағдайында мүгедектікті кемітуге, науқастардың белсенді өмір сүруінің ұзақтығын арттыруға мүмкіндік береді.

